



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орданың әлеуметтік және саяси- әкімшілік құрылымы. Алтын Орда және орыс жерлері

Мақсаты:

Алтын Орда мемлекетінің әлеуметтік құрылымын, саяси-әкімшілік жүйесін және орыс жерлерімен қарым-қатынасының ерекшеліктерін ашып көрсету.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

Алтын Орданың мемлекеттік басқару құрылымын талдау;

- Әлеуметтік стратификация мен билік иерархиясын сипаттау;
- Алтын Орда мен орыс жерлері арасындағы саяси-экономикалық қатынастарды түсіндіру;
- Бұл байланыстардың өркениеттік маңызын айқындау.



Мемлекеттік атаулар және дербестік

- *Алғашқы атаулар: Моңғолдар өз мемлекетіне «ұлыс» деп қарады. Тоқтамыс ханның жарлығында «Ұлы ұлыс» деген атау сақталған.*
- *Сыртқы атаулар: Араб жылнамаларында Жошы ұлысы «Берке, Ұлы татар ханы», «Дешті Қыпшақ ханы Тоқта» деп аталды; еуропалық саяхатшылар «Командар елі», «татар державасы» деп жазды.*
- *«Алтын Орда» термині: XV–XVI ғасырда пайда болды; хан шатырларының алтынмен безендірілуіне байланысты.*

Алтын Орданың Моңғол империясындағы орны



Алғашқы кезеңде тәуелсіз емес, орталық билік Қарақорымда шоғырланған. Табыс пен салықтардан үлес алу арқылы орталық билік империяны бақылауда ұстады. Құбылай ханның Қытайға көшіргеннен кейін Алтын Орда толық тәуелсіздігін алды.

A historical map of the Golden Horde, a part of the Mongol Empire. The map shows the territory in yellow, with surrounding regions in light grey. Key cities are marked with dots and labeled: MOSCOW, KAZAN, BULGAR, TYUMEN, KIEV, SARAI, SARAIKHAN, AZAK, MAZHAR, and URGENCH. The Caspian Sea and Aral Sea are shown in blue. A large, dark red, rounded rectangular box is superimposed over the center of the map, containing the title in white Cyrillic text. A thin black arrow points from the Sarai label to the right.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Хан: Жоғарғы билік иесі, әскердің бас қолбасшысы, жылжымалы ордада өмір сүрген

Жоғарғы шенеуніктер:

- Беклербек: Әскери қолбасшы, дипломатиялық қызмет, сот билігі.
- Уәзір: Атқарушы билік, орталық диван басқарушысы, салық пен сауданы қадағалау.


Әскери және
әкімшілік басшылар:
Ұлысбегілер
(әмірлер, мыңдық
басшылары),
даруғалар, тамға
жинаушылар,
елшілер, пошташы,
шекара
қарауылдары, базар
бақылаушылар.

Ұлыстық жүйе:
Әр ұлыс Шыңғыс
ұрпағына
беріледі, ханға
салық төлеу
және әскери
міндетті
орындау арқылы
бағынады.




Әлеуметтік құрылым

1. Шыңғыс ұрпақтары (төрелер): Жоғарғы билік, артықшылық.
2. Әмірлер мен нояндар: Әскери-феодалдық элита, жер-мал иелері.
3. Дін өкілдері: Қажылар, қазылар, имамдар.
4. Қолөнершілер, саудагерлер: Қалалық тұрғындар.
5. Көшпелі қауым: Қарапайым халық.
6. Құлдар, тәуелділер: Соғыс тұтқындары, бағынышты шаруалар.



Салық және әскери жүйе

1. Салықтар: Харадж, зекет, тамға, баж салығы (сауда керуендерінен).
2. Әскер: Тұрақты әскер, ұлыстық құрамалар, негізгі күш – атты әскер.
3. Қауіпсіздік: Даруғалар мен басқақтар жергілікті тәртіпті қамтамасыз етті.



Алтын Орда – орыс жерлері қатынастары



- **Орыс князьдіктері Алтын Ордаға тәуелді болды, ханнан ярлык алып, жыл сайын салық төледі.**
- **Алтын Орда ішкі басқаруға тікелей араласпады → орыс жерлерінің мемлекеттілігі сақталды.**
- **Мәскеу князьдігі өз беделін арттырды, XIV ғасыр соңында тәуелсіздікке қадам басты.**

Өркениеттік және мәдени ықпалы



- **Моңғол-түркі әкімшілік терминдері: ярлык, ям, орда, казна, баскак, тамга енгізілді.**
- • **Орыс мәдени ықпалы: Шіркеу мәдениеті, қолөнер тәжірибесі.**
- • **Нәтиже: Еуразиялық мәдени синтез, жаңа аймақтық өркениет қалыптасты.**